

Жалпы білім беретін мектептер мен қосымша білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың арасында «Туған өлкенің батырлары» тақырыбында зерттеу жұмыстарының сырттай байқауының баспасөз хабарламасы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы жалпы білім беретін мектептер мен қосымша білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың арасында «Туған өлкенің батырлары» тақырыбында зерттеу жұмыстарының сырттай байқауын www.ziyatker.kz сайтында 2014 жылғы 20 ақпан – 20 наурыз аралығында өткізді.

Байқаудың мақсаты - туған өлкенің тарихын зерделеу арқылы білім алушылардың танымдық қызығушылығы мен ізденушілік-зерттеушілік шығармашылығын дамыту.

Байқаудың міндеттері:

- оқушыларды қазақстандық отансүйгіштікке және азаматтылыққа тәрбиелеу;

- рухани және әлеуметтік-адамгершілік әлеуеті бай тұлғаны қалыптастыру;

- туған өлкені тану арқылы көпұлтты қоғамға сай құндылықтарға бағдарланған қарым - қатынастарды қалыптастыру.

Зерттеу жұмыстарының сырттай байқауына Қазақстан Республикасының өңірлерінен 8 – 11 сынып аралығындағы жалпы білім беретін мектептер мен қосымша білім беру ұйымдарындағы білім алушылар қатысты.

Байқаудың қорытындысы бойынша жеңімпаздар тиісті дәрежелі дипломдармен марапатталды. Әр номинацияда 3 жеңімпаз (1, 2, 3 орындар) анықталды. Қатысушылардың барлығына электрондық пошта арқылы онлайн-сертификаттар жіберілді.

Байқау жұмыстары 2014 жылғы 20 наурызға дейін балаларға арналған www.ziyatker.kz ғылыми-танымдық сайтта орналастырылды немесе nt_ekotur@mail электрондық поштаға жіберілді, сондай-ақ мына мекен-жай бойынша қабылданды: 010000, Астана қаласы, Жеңіс даңғылы, 16/1, «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК.

Анықтама үшін: тел/факс 8(7172) 44-53-42.